

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

(соңы басы I бет.)

орын иегерлері: I орын – Айтуарова Гүлшан (Приозерск қаласының төтенше жағдайлар бөлімі); II орын – Тұрақова Перизат (44841 әскери бөлімі); III орын – Жұманиязова Роза (№1 жалпы білім беру орта мектебі). «Қазақтың көне тағамдары» атты байқауда қатысушылар ұлттық дәстүрімізбен үндесіп жатқан, бірақ бүгінде ұмытылып кеткен ежелгі тағам түрлерін арнайы дайындап, қазылар алқасына ұсынды. Байқау нәтижесі бойынша I орынға №2 ЖББМ мұғалімі Туқенова Таңшолпан, II орынға Жер қатынастары, саулет және қала құрылысы бөлімі, III орынға 44841 әскери бөлімі ие болды. Конкурс жүлдегерлеріне бағалы сыйлықтар табыс етілді. Сәнді шаш өрмі бойынша өткен «Сұлушаш» байқауында баға берген әділ қазылардың шешіміне сәйкес, I-орынды №1 мектеп, 2-орынды «Балбөбек» бөбекжай бақшасы, 3-орынды қалалық мәслихат еншіледі. Сондай-ақ, «Наурызға көрік берген сұлу сәні!» атты ұлттық неофолькор кимдері байқауында 44841 әскери бөлімінің қатысушысы бірінші орынды жеңіп алды. Екінші және үшінші орындар «Достық» БЖШО мен

Дүрдігіл Асарбаевалар өзара бөлісті. Наурыз мейрамына дейін, 19-наурызда

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткерілген «Жақсы келін – ырысын» атал-



ған келіндер байқауының қорытындысы да осы жерде жарияланды. Онда бас жүлде мен «Үздік келін» аталымы қалалық кітапхана қызметкері Динара Нұралиқызы Төлбасыға табысталды. «Өнерлі келін» аталымы және бірінші орынға «Еркедай» шағын орталығының Маржан Әлібай ие болды. «Сұлу келін» аталымы мен екінші орын 60601 ә/бөлімінен Мадина Саматқызы Маликоваға бұйырды. Ал, «Ибалы келін» аталымын алған қалалық аурухана мейірбикесі Мөлдір Тұрсынбекқызы Қалдыбекова жүлделі үшінші орынды місе тұтты. Басқа да қатысушылар «Ерке келін», «Парасатты келін», «Дана келін» аталымдарына ие болды.

Сонымен қала тұрғындары асыға күткен Наурыз мейрамы көпшілікке паш етілді. Наурыз мейрамы қалада бұрын-соңды болмаған халықтық мереке болды. Мұның бәрі қаладағы кәсіпорын, мекемелер ұжымдарының мықты ұйымдасуынан, бір кісідей атсалысуы арқасында керемет өткендігінің куәсі болды. Бірлік бар жерде – тірлік бар! Жартақан Ие ауызбірліктен айырмасын, мейрамдар мерекеге, той-жиынға ұласа берсін!

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ.
Суреттерде: Мерекеден көріністер

Ұлыстың ұлы күні

Әз-Наурыз – ізгілік пен қайырымдылықтың, мейірім мен жанашырлықтың мерекесі. Наурыз деген сөздің өзі – парсы тілінен аударғанымызда "нау" – "жана", "руз" – "күн" деген ұғымды білдіреді. Наурыз – халықтың ұлтына, тіліне қарамастан, барша ел болып атап өтетін жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлік пен ортақ мүддеге жұмылдыратыны анық. Биылғы Наурыз мерекесін – Ұлыстың ұлы күні мерекесін Приозерск гарнизонының жеке құрамы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуына 30 жыл толу қарсаңындағы ерекше бір көтеріңкі көңіл күйде қарсы алды.

Дәл осы мереке күніне орай, Қарағанды облысы Приозерск қаласының Орталық алаңында қала жұртшылығымен бірге әскери қызметшілер де қазақ халқының дәстүрімен 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні мерекесін бір кісідей атап өтуге ат салысты. Төрге әдемі ою-өрнектелген киіз үйлер тігіліп, алтыбақан орнатылған алаңда қазақтың ұлттық ойыны мен басқа да спорт жарыстары ұйымдастырылып өткізді. Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлі-

КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫ МЕН НҰРЫН ТӨГЕТІН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

мінің командирі подполковник Абеков Жасұлан Сәдуұлы бастаған бөлім коман-

дирлері 60601 әскери бөлімінің командирі полковник Қырықбаев Данияр Нұрланұлы,

18405 әскери бөлімінің командирі Сазбаев Ержан Аянбекұлы және 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Бектаев Үмітәлі Серікұлы жеке құрамды құттықтады.

Орталық алаңда өнерпаз әскери қызметшілердің қатысуымен әсем әуенді ән шырықалып, домбырамен күй тартылды. Сонымен қатар, мың бұралған бишілер тобы да өнер көрсетті.

Ұлттық ойындар мен спорт жарыстарына қатысқан әскери қызметшілердің арасынан 44841 әскери бөлімінің жеке құрамы топ бастаушылардың қатарында орын алса, 06708 әскери бөлімінің, 44841 әскери бөлімінің және 18405 әскери бөлімінің спортшылары жекелей сындарда жүлделі орындарға ие болып, бағалай сыйлықтармен марапатталды.

Наурыз мейрамының қызықты сәттерін әскери қызметшілердің отбасы мүшелері де бірге тамашалады.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы



Общество

ЖИТЕЛИ БАЛХАША ПОПРОСИЛИ НЕ ПРИСОЕДИНЯТЬ ИХ К НОВОЙ УЛЫТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

В Карагандинской области активно обсуждается вопрос разделения границ региона. В частности, жители Балхаша попросили власти оставить город в составе Карагандинской области, передает телеканал КТК.

Жители Балхаша заявили, что не хотят быть в составе новой Улытауской области. Для того, чтобы убедить власти, местные составили петицию.

По словам балхашцев, областной центр нового региона - Жезказган - расположен от них почти в два раза дальше, чем Караганда.

Местные жители рассказали, что в Балхаше много пожилых и людей с проблемами со здоровьем, которые могут не выдержать дорогу до Жезказгана.

Активисты также упомянули, что уже много лет ожидается окончание строительства автобана, ведущего в Караганду, с открытием которого путь до областного центра будет занимать порядка 2 часов. Кроме того, балхашцы заявили, что чем ближе региональное начальство, тем больше контроля будет за городом.

Петицию подписали уже почти 10 тысяч человек. Отмечается, что ранее Балхаш уже входил в Джезказганскую область, которую в итоге упразднили и соединили с Караган-

динской.

Местные власти на просьбы народа ответили, что о петиции знают и пообещали донести ее суть до тех, кто будет определять границы, которые еще не обозначили.

Жители поселка Агадырь также обратились к чиновникам: они желают, чтобы поселению вернули статус районного центра. В 1997 году село вошло в состав Шетского района. Как указывается в обращении, поселок и ближайшие села, в которых проживает 23 тысячи человек, имеют необходимую инфраструктуру, крупный железнодорожный узел и огромное желание стать отдельным районом.

Источник: КТК

Напомним, что во время своего Послания народу Казахстана Токаев объявил о создании двух новых областей - Улытауской и Абайской. Кроме того, он сообщил, что Алматинскую область разделят на две, создав новую, Жетысускую область.

Накануне министр национальной экономики Казахстана Аликбек Куантыров сообщил Токаеву о том, что по вопросу создания новых областей собрана комиссия, а также разработан алгоритм создания новых регионов.

Источник: <https://www.nur.kz/society>

ОТМЕНА МАСОК В ПОМЕЩЕНИЯХ: НОВОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ ГЛАВНОГО САНВРАЧА КАЗАХСТАНА

Главный государственный санитарный врач Казахстана Айжан Есмагамбетова подписала новое постановление, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на МВК по нераспространению коронавируса в Казахстане.

В новом постановлении в отличие от ранее действовавшего отменены:

-обязательное ношение масок в помещениях, за исключением медицинских организаций (персонал, сотрудники, пациенты, посетители), где ношение маски является обязательным.

Также сохранен рекомендательный характер использования медицинских масок в местах массового скопления населения, общественном и авиатранспорте, в организованных коллективах;

-особые требования по соблюдению санитарно-эпидемиологического режима на объектах.



Постановление вступает в силу с 25 марта 2022 года.

С полным текстом документа можно ознакомиться по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/kkkbtu/press>.

Источник: <https://kazpravda.kz>